

**Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару және құқық қорғау органдары қызметкерлерінің лауазымдық жалақыларын көбейту туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің Қаулысы 1994 жылғы 28 шілде N 847. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 4.10.1994 ж. N 1108 қаулысымен.

"1994 жылға арналған республикалық бюджетті дәлдеу туралы" Қазақстан Республикасының 1994 жылғы 14 шілдедегі Заңына сәйкес Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің "Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару органдары қызметкерлерінің лауазымдық жалақысын өсіру туралы" 1994 жылғы 18 сәуірдегі N 397, "Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитеті органдары қызметкерлерінің лауазымдық жалақысын көбейту туралы" 1994 жылғы 5 мамырдағы N 479, "Қазақстан Республикасының селолық және поселкелік әкімшіліктерінің аппараттары қызметкерлерінің лауазымдық жалақысы туралы" 1994 жылғы 19 мамырдағы N 540, "Қазақстан Республикасының ішкі істер органдары қызметкерлерінің лауазымдық жалақыларын өсіру туралы" 1994 жылғы 20 мамырдағы N 547 қаулыларымен белгіленген Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару органдары мен құқық қорғау органдары қызметкерлерінің лауазымдық жалақысы 1994 жылғы 1 шілдеден бастап 1,5 есе көбейтілсін.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-министрі